

ӘОЖ 81-139; МҒТАР 16.01.07

<https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.106>Л.М. ДЕМЕСИНОВА <sup>1</sup>, Ж.М. ИСКАКОВА <sup>2</sup><sup>1</sup>PhD, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми қызметкері  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: lmdemessin@gmail.com<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»

ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Әдістеме Lab жетекшісі

(Қазақстан, Астана қ.) e-mail: oasis-jas@mail.ru

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРҒА САЙ ТЕСТ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

**Аңдатпа.** Мақалада әлемдік тәжірибедегі тілдік тестілеу жүйелерінің тәжірибесі мен тестология бойынша ғылыми зерттеулерге шолу жасалды. Қазақ тілі деңгейін анықтайтын халықаралық стандарттарға сай тест жүйесін қалыптастыру үшін шетелдік тәжірибеге сүйену маңызды, сондықтан TOEFL, IELTS сияқты тілдік тестілердің қалыптасу тарихы, тест құрастырудағы әдістемесі, тест әзірлеу алгоритмі, тілдік тест құрастырудағы бағалау қағидадары сараланды. Аталмыш мақсатқа жету үшін салыстыру, сапалық, сандық, психометрикалық зерттеу әдістері негізге алынды.

Әлемдік тәжірибеде CEFR стандарттары бойынша тілді оқыту, тілдік деңгейді растайтын халықаралық емтихандар арқылы тілді үйрету тиімді. Халықаралық тәжірибеден көптеген TOEFL, IELTS сияқты тілдік тестілеу жүйелері CEFR, ALTE, ETS, ACTFR, ICC ұйымдарының стандарттары бойынша жасалады. Қазақ тілін білу деңгейін бағалайтын тест жүйесіне келер болсақ, CEFR, ALTE, ETS, ACTFR, ICC сияқты жетекші халықаралық ұйым стандарттарына сай келмейтін тұстары жетерлік. Қазақ тілі де бүгінде CEFR стандарттарына сай деңгейлеп оқыту жүйесіне көшкенімен, нақты оқыту әдістемесі әлі де жетілдіруді талап етеді. Сондықтан зерттеу мақаласында қазақ тілінің халықаралық талаптарға сай тестілеу жүйесін қалыптастыру жолында атқарылуы керек алғышарттар қарастырылып, бүгінгі күнге дейінгі қазақ тілі тестілеуіне қатысты шыққан ғылыми және практикалық еңбектерге талдау жасалып, зерттеу жүргізілді.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, тест, әдістеме, IELTS, ТРКИ, CEFR, ALTE.

---

### \* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Демесинова Л.М., Искакова Ж.М. Қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тест жүйесін қалыптастыру алғышарттары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №4 (134). – Б. 74–84. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.106>

### \*Cite us correctly:

Demesinova L.M., Iskakova J.M. Qazaq tilinin halyqaralyq standarttarga sai test juiesin qalyptastyru algysharttary [The Basics of Forming a Test System for the Kazakh Language in Accordance with International Standards] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2024. – №4 (134). – B. 74–84. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.106>

Мақаланың редакцияға түскен күні 05.06.2024 / қабылданған күні 30.12.2024

**L.M. Demessinova<sup>1</sup>, Zh.M. Iskakova<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD, Researcher of the National Scientific and Practical center  
«Til-Kazyna» named after Sh. Shayakhmetov  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: lmdemessin@gmail.com*

*<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Head of the laboratory of the National  
Scientific and Practical center «Til-Kazyna» named after Sh. Shayakhmetov  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: oasis-jas@mail.ru*

### **The Basics of Forming a Test System for the Kazakh Language in Accordance with International Standards**

**Abstract.** The article provides an overview of the experience of language testing systems in world practice and scientific research on testology. For the formation of a test system that meets international standards that determine the level of the Kazakh language, it is important to rely on foreign experience, therefore, the history of the formation of language tests such as TOEFL, IELTS, the methodology for compiling tests, the algorithm for developing tests, the principles of evaluation in compiling language tests were analyzed. To achieve this goal, comparative, qualitative, quantitative, psychometric research methods were used.

In world practice, it is effective to teach a language according to CEFR standards, through international exams confirming the language level. From international practice, many language testing systems such as TOEFL, IELTS are developed according to the standards of organizations such as CEFR, ALTE, ETS, ACTFR, ICC. As for the system of tests that assess the level of knowledge of the Kazakh language, there are few that do not meet the standards of such leading international organizations as CEFR, ALTE, ETS, ACTFR, ICC. Despite the fact that the Kazakh language has now switched to a level learning system that meets CEFR standards, the specific teaching methodology still needs to be improved. Therefore, the research article considered the prerequisites for the formation of a system for testing the Kazakh language in accordance with international requirements, analyzed the scientific and practical works related to testing the Kazakh language to date, and conducted a study.

**Keywords:** Kazakh language, test, methodology, IELTS, ТРКИ, CEFR, ALTE.

**Л.М. Демесинова<sup>1</sup>, Ж.М. Искакова<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>PhD, научный сотрудник национального научно-практического центра  
«Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова  
(Казахстан, г. Астана), e-mail: lmdemessin@gmail.com*

*<sup>2</sup>кандидат филологических наук, руководитель Эдістеме Lab  
Национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова  
(Казахстан, г. Астана), e-mail: oasis-jas@mail.ru*

### **Основы формирования тестовой системы по казахскому языку в соответствии с международными стандартами**

**Аннотация.** В статье представлен обзор опыта языковых тестовых систем в мировой практике и научных исследований по тестологии. Для формирования тестовой системы в соответствии с международными стандартами, определяющими уровень казахского языка, важно опираться на зарубежный опыт, поэтому были проанализированы история формирования языковых тестов, таких как TOEFL, IELTS, методика в составлении тестов, алгоритм разработки тестов, принципы оценки в составлении языковых тестов. Для достижения данной цели были взяты за основу методы сравнения, качественного, количественного, психометрического исследования.

В мировой практике эффективно обучение языку по стандартам CEFR с использованием международных экзаменов, подтверждающих языковой уровень. Многие системы языкового тестирования из международной практики, такие как TOEFL, IELTS, разрабатываются по стандартам организаций CEFR, ALTE, ETS, ACTFR, ICC. Что касается тестовой системы, оценивающей уровень владения казахским языком, то она не соответствует стандартам ведущих международных организаций, таких как CEFR, ALTE, ETS, ACTFR, ICC. Несмотря на то, что казахский язык сегодня перешел на многоуровневую систему обучения в соответствии со стандартами CEFR, реальная методика обучения по-прежнему требует совершенствования. Поэтому в исследовательской статье были рассмотрены предпосылки для формирования системы тестирования казахского языка в соответствии с международными требованиями, проведен анализ и исследование научных и практических работ по тестированию казахского языка на сегодняшний день.

**Ключевые слова:** казахский язык, тест, методика, IELTS, ТРКИ, CEFR, ALTE.

### Кіріспе

Еліміз тәуелсіздігін алғалы қанша жыл өтсе де қазақ тілін оқытудың нақты стандарттары әлі де қалыптасып болмады. Жекелеген әдіскерлер мен зерттеу институттарында қазақ тілі оқулықтары, қазақ тіліндегі түрлі салалық кітаптар, сөздіктер мен тілашарлар шығарылып жатқанымен, қазақ тілін оқыту әдістемесі бір ізге түспегені қазақ тілінде сөйлеушілер санының артпағанынан аңғаруға болады. Оның бірден бір себебі қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай әдістемесінің қалыптаспауы, бағалау қағидаттарының жүйеленбеуі, қазақ тілін оқытудың түбегейлі теориялық негіздері қалыптаспауы, кез келген халықаралық тілдерде жасалған лексикалық, грамматикалық минимумдардың біздің тілде құрастырылмауы, халықаралық талаптарға сай құжаттармен бекітілмеуі және басқа да мәселелер болып отыр.

Бүгінде ағылшын тілін оқыту әдістемесінен бөлек, ағылшын тілін білу деңгейін анықтайтын тест жүйесі жекелеген авторлар емес, үлкен өндіріс ретінде қарастырылып, автоматты түрде жасалып отырған өзіндік технологиялары қалыптасқан. Өкінішке орай, қазақ тілі деңгейін анықтайтын халықаралық стандарттарға сай тест жүйесі қалыптасуы алдағы уақытта шешілуі керек мәселелердің бірі болып отыр. Бүгінде қазақ тілі тестілеуі бойынша ҚазТЕСТ жүйесі мен әдіскер мамандардың шыққан біраз еңбектері болғанымен, оларды халықаралық стандарттарға сай деп айта алмаймыз. Сонымен қатар бүгінде Qazaq resmi test онлайн платформасы тілдік деңгейді анықтайтын тест жүйесі қалыптасып, бүгінде қолданыста. Дегенмен бұл тест жүйелерінің бір-бірінен артықшылықтары мен кемшіліктері тест тапсырушылар үшін анық байқалады. Зерттеу барысында қазақ тілі Қ.Қ. Тұрарованың «Қазақ тілі бойынша лингводидактикалық тестілеу: теориясы мен әдістемесі» еңбегі [1], З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсіловалардың «Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы» [2], ҚазТЕСТ орталығынан шыққан бірлескен авторлардың «Тіл Құрал» оқу-әдістемелік жинақтары және басқа да авторлардың қазақ тілі тестілеу жүйесі бойынша еңбектерінде қазақ тілі тест тапсырмаларын құрастыру алгоритмі, тыңдалым, айтылым, оқылым мен жазылым дағдылары бойынша нұсқаулықтар мен практикалық тапсырмалар ұсынылған. Жоғарыда көрсетілген зерттеулер шетелдік тәжірибе негізінде жазылғанымен, қазақ тілінің табиғатын ескеру, арнайы тест әзірлеуші мамандарды даярлау мәселелері шек қалып отыр. Осы бағытта тек тілші мамандар ғана емес, тұтас бір жүйе ретінде әдіскер, психолог, маркетинг, техник пен дизайнер мамандардың бірлесе атқарған жұмысы нәтижесінде ғана тиімді, сұранысқа ие өнім жасалатыны ескерілмейді. Ал құрылымына келер болсақ, қазақ тіліндегі тест тапсырмаларының көпшілігінде лексика-грамматикалық тақырыптарға басымдық берілген, ал кез келген тіл үйренуші үшін тіл коммуникативтік

қызмет атқарады. Сондықтан тестілеудің мақсаты тіл үйренушінің коммуникативтік дағдыларын айқындау екені даусыз. Біздің тәжірибеде тест тапсырушылар тек жұмысқа тұру немесе оқуға түсу қажеттіліктерін өтеу үшін ғана тест тапсырады. Бұл да тест құрылымы мен жалпы концепциясын жетілдіру керектігін аңғартатын мәселелердің бірі.

Қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тестілеу жүйесін қалыптастыру жұмыстары бойынша ғылыми-зерттеу жүргізу барысында отандық және шетелдік тестілеу жүйелері салыстырыла талданды. Зерттеу барысында отандық (З.С. Күзекова, Г.С. Пазылова, Е.Қ. Әбдірәсілова) және шетелдік (L. Bachman, A. Otic, B. Wook, T. Clark, D. Alpizar, Н.В. Сухорукова, Э.А. Штульман) әдіскер-ғалымдардың еңбектері негізге алынып, олардың тілдік тест құрастырудағы тұжырымдары ескерілді.

Сонымен қатар қазақ тілі деңгейін анықтайтын халықаралық стандарттарға сай тест жүйесін қалыптастыру үшін TOEFL, IELTS сияқты тест жүйелерінің қалыптасу тарихын, әлемдік тәжірибедегі шет тілін оқытуда тест құрастыру қағидаттары мен талаптарына шолу, тестілеу жүйесінің сапасына сараптама жасайтын ALTE сияқты ұйымдардың тәжірибесін зерделеу, сол арқылы қазақ тілі тест жүйесінің алғышарттарын құру мақсаты көзделіп отыр. Осыған орай, зерттеу барысында келесі міндеттер қойылды: алғашқы тілдік тест тарихына шолу; халықаралық стандарттарға сай тілдік тест құрылымы мен оларды құрастыру алгоритмін зерделеу; тест әзірлеуші мамандар ұсынған қағидаттар мен тұжырымдарды саралау; халықаралық тілдік тесті сертификациялайтын ұйымдар жұмысына шолу жасау жұмыстары.

### **Зерттеу әдістері мен материалдар**

Мақалада тілдік тест құрастырудағы әдіскер ғалым, тілші мамандар тұжырымдамалары сараланды, зерттеу материалы ретінде Қазтест, Қырғызтест, ТРКИ, IELTS тестілеу жүйелері алынды. Олардың негізгі мақсаты мен контингенті, аталмыш тестілерді құрастыруда ұстанған қағидаттар, оларды әзірлеу барысында кездескен қателіктер мен ерекшеліктер, жасалған сараптама жұмыстары жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу міндеттеріне сәйкес тілдік тест құрастырудың философиялық-әдіснамалық негізін қарастыру, лингводидактикалық тестілеу әдіснамасы, тест құрастырудағы психометриялық талдау жасау ерекшеліктері, тестілеу жүйелерінің тиімділігін анықтау мақсатында сапалық және сандық зерттеу әдістемесі алынды. Тест жүйесін қалыптастыруда жекелеген тілші маман немесе әдіскер өз бетімен тапсырмалар құрастыруы нәтижесіз болады, ол үшін тілдік тест тапсырушылардың қажеттілігін ескеру үшін арнайы сұқбаттар ұйымдастырылып, сапалық зерттеу жүргізу тиімді. Осы ретте, әлемдік тәжірибеге сараптама жасалды. Қазтест, Қырғызтест, ТРКИ, IELTS тестілеу жүйелеріне контент сараптама жұмыстарын жүргізу арқылы қазақ тіліндегі тест жүйесін қалыптастыру алгоритмін құруға септігін тигізеді. Сонымен қатар бағалау критерилеріне қойылатын талаптар мен тест құрастырудағы тілдік ерекшеліктері салыстырыла талданды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Бүгінгі таңда дүниежүзінде білім алу мен жұмыс үшін халықаралық тілдерді үйрену қажеттілігі негізінде тілдерді оқытуды бағалау және тестілеу жүйесін қалыптастыру, дамыту өзектілігі күн сайын артып келе жатыр. Нәтижесінде халықаралық тілдерге деген сұраныстың артуы, жекелеген тілдердің халықаралық стандарттарға сай әдістемесін қалыптастыратын талаптар мен бағалау критерийлерін жетілдіру заман талабы. Бұл туралы шетелдік зерттеуші мамандар да осындай пікірде: «Тілдік тестілер әлем бойынша түрлі мақсатта кеңінен қолданысқа ие. Жаһандану дәуірінде білім берудің халықаралық деңгейде белең алуы, сәйкесінше, студенттердің көбеюі, жұмыс іздеген мигранттар мен көшіп жүрген адамдар санының тұрақты түрде өсіп отыруы бүгінде кең таралған тенденция. Осыған орай аталмыш тұлғалар халықаралық стандарттарға сай тілдік тест тапсыру талаптарына

бағынуда. Бұл халықаралық тест жүйесінің өзектілігіне әкелуде» [3, 3-б.]. Осы ретте, қазақ тілі де жаһандық құзіреттіліктер негізінде дамып, тілдік тестілеу жүйесін жетілдіру қажеттілігі – заман талабы. Жалпы қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тестілеу жүйесін қалыптастыру жолдарын қарастыру үшін әлемдік тәжірибеге жүгініп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу маңызды. Сондықтан тілдік тест түрлеріне тоқталар болсақ, Н.В. Сухорукованың «Шет тілдерін оқытуда тестілеу» тақырыбындағы зерттеуінде негізгі үш түрді атап көрсетеді:

1. Болжамдық (Aptitude tests) тест – шет тілін оқудағы қабілеттерін анықтау мақсатында жасалатын тест;

2. Диагностикалық тест (Diagnostic tests) – шет тілдерін білу, деңгейін бағалау мақсатында арнайы тапсырмалар негізінде қалыптасқан тест;

3. Табыс сынағы (General proficiency test ) – тіл үйренушінің қабілеті мен тілдің деңгейін біртұтас қарастырып, арнайы тапсырмалар негізінде тіл үйренушінің қарым-қатынасқа түсе алу қабілетін анықтайтын тест [4, 150–б.]

Ал Э.А. Штульман тестілеу жүйесінің мақсаты мен қолданысына қарай: диагностикалық, болжамдық (прогностический), анықтау (констатирующий) және аралас тест түрлерін ұсынады [5].

Тілдік тест дайындауда әлемдік ғалымдар пікірі екі жақты: ағылшын әдіскерлері (R. Lado, F. Devis, т.б.) тестілеуге емтихан, сынақ, барлық бағалау қағидаттарына сәйкес келетін тескеру, бақылау жұмыстарын жатқызса, орыс ғалымдары (И. Соттер, Т.А. Ильина, Э.А. Штульман, т.б.) тестіні тек нақты бір ғана жауабы бар тапсырмалар жүйесі деп көрсетеді [6]. Дегенмен тілдік тестілеуде оқылым, жазылым, айтылым мен тыңдалым дағдылары толық қамтылып, тілдің коммуникациялық құзіреттілігі бірінші орында болғандықтан, тек бір жауап негізінде тілдік тест жасау дұрыс емес.

Шет тілін игеру деңгейін анықтайтын тестілердің негізі Америкада I дүниежүзілік соғысына әскер жинау кезінде ағылшын тілін білетін және білмейтіндер арасында жүргізілген екі түрлі тест тапсырмаларын – *альфа* және *бета* тестілерін әзірлеу барысында қалыптаса бастаған [7]. Осының негізінде түрлі бағалау тестілері, педагогикалық және психологиялық бақылау тестілері құрастырылып, тәжіридебе кең қолданысқа ие болды. Ал нақты шет тілдерін үйретуде тест жүйесін теориялық аспектіде зерттеген Б. Вуд болды [8]. Жоғарыда көрсетілген зерттеулер негізінде Америкада алғаш психологиялық тестіні басшылыққа ала отырып, алғаш үш бөлімнен тұратын тілдік тест құрылымы жасалды:

Бірінші бөлімде 100 шет тіліндегі сөздер мен олардың ағылшын тіліндегі 3 нұсқасымен берілген тапсырмалардан тұрды. Сөздер ағылшын тілінің жиілік сөздіктерінен алынды;

Екінші бөлімі оқылым дағдысына арналған тапсырмаларды құрады. Француз және испан тілдерінде 60 сөйлемнен тұратын мәтіндердегі негізгі ойды көрсету тапсырмалары жасалды;

Үшінші бөлімде грамматикалық тапсырмалар берілді. 60–65 сөйлем беріліп, сөйлемдерді толықтыру тапсырмалары, сол арқылы грамматикалық құрылымды игеру деңгейі анықталған [9, 48-б.]. Бұндай тест тапсырмалары арнайы уақыт бойынша қадағаланған, бір ескере кететін жайт, уақыт жағынан өте қатты шектеу жасалған, бұл тенденция бүгінгі күнге дейін ағылшын тілінің халықаралық тестілеу жүйесінде сақталған. Зерттеулер негізінде байқағанымыз, бүгінгі қазақ тілінің тест жүйесіндегі лексика-грамматикалық тапсырмалардың барлық халықаралық тестілеу жүйесінде болған тәжірибе екенін көрсетеді.

Жалпы тілдік тест негізі қажеттілігі мен мақсатына қарай әртүрлі болады. Мәселен тілші мұғалімдер үшін тест сабақтың ажырамас бір бөлігі болса, тілші ғалымдар үшін зерттеу әдісі, тіл үйренушілер үшін бағалау критерийі, шет тілі немесе екінші тіл үйретуде тілдік деңгейді анықтау құралы, кейбір оқытушылар үшін тест сабақтардағы

коммуникациялық әдіс негізі. Тіл үйретудегі отандық ғалымдар пікіріне жүгінсек, «Тілді үйрету – өте күрделі үдеріс, ол тілдік материалды меңгеру барысында жалықтырмайтын, қызықты әдіс-тәсілдер мен икемді әдістемені талап етеді. Бір сарынды, әдіс-тәсілі жоқ, оқу материалы тым ауыр сабақтар тіл үйренушінің тілді үйренуге деген алғашқы ниетін жойып жібереді. Сол себепті тілді үйрету әдістемесі тіл үйренушілерге мотивация тудыратындай деңгейде заман талаптарына сай үнемі жетіліп, жаңартылып отырғаны абзал» [10, 211-б.]. Байқағанымыздай, қазақ тілі тест жүйесін құрастыруда да осы алғышарттарды негізге алған дұрыс, себебі тестілеуді тек бағалау категориясы ретінде ғана қарамай, әлемдік тәжірибедегідей, тіл үйретудің ажырамас бір бөлігі деген ұстанымда ғана нәтижелі жұмыс болары сөзсіз.

Шетел тәжірибесінде Т2 немесе шет тіліне арналған тестілеуде тілдік кедергілер тест тапсырушылар үшін бірқатар қиындық тудырады. Көп жағдайда тестілеуде әр тілдің табиғаты, құрылымы мен ерекшелігі кедергі келтіреді. Бұл көп жағдайда тест тапсырушылардың ойлағандай нәтижеге жете алмауына себеп болады. Бұндай жағдайда теориялық тұрғыдан түбегейлі зерттеу жүргізудің маңызы зор. Ең алдымен тілдің философиясын анықтау үшін сараптама жұмыстарын жүргізу, тек тілші мамандар тарапынан айтылатын ұсыныстар емес, тест тапсырушылардың мүдделері де ескерілуі керек. Мәселен Кресуелл пікіріне жүгінсек, «Зерттеу әдістері жалпы болжам мен нақты деректерді жинау, оларды талдау мен интерпретациялау сияқты түбегейлі зерттеу әдіснамасы қадамдарын қамтитын зерттеу үдерістері» [11, 22-б.], яғни тест құрастыру тек тілші мамандар жұмысы ғана емес, жан-жақты қарастырылуы керек үлкен біртұтас жүйе. Халықаралық тілдердің тест жүйесін қалыптастыру және бағалау жұмыстарымен айналасыатын ALTE ұйымында тұтас тест жүйесін құрастыру алгоритмін ұсынады. Ұйымның ұсынуынша, тест әзірлеуде тілші мамандардан бөлек, психолог, маркетинг, IT маман мен дизайнер және т.б. сала мамандары қамтылуы керектігін ұсынады. Қазақ тілінде халықаралық тест жүйесін құрастыруда да жоғарыда көрсетілген шетелдік тәжірибе негізге алынуы маңызды.

Тілдік тест құрастыруда психометрикалық талдау жүргізу тиімді. Бұл туралы Д. Алпизар пікіріне сүйенер болсақ, «Тілдік тест әзірлеуде зерттеушілер психометрикалық талдауды (мысалы, тапсырманы бағалау параметрлерін өзгерту...) негізге алып, тіпті C-test бөлімдері мен тапсырмаларын сараптамадан өткізудің тиімді жолдарын табуға мүмкіндігі бар» [12, 127-б.], яғни кез келген тілдік бағалау критерийлерін анықтау үшін психометрикалық сараптама жүргізуді ұсынады. Психометрикалық талдауға кез келген тест құрастыруда тестілеу теориясын игеру, тест тапсырмаларына сараптама жүргізу, IRT (заманауи тест теориясы) және КТТ (классикалық тест теориясы) негіздерін білу, компьютерлік тест құрастыру, тест алгоритмдері мен бағалау қағидаттарын құру, тест нәтижелеріне сараптама жүргізу және басқа да жұмыстарды қамтиды. Жоғарыда айтылғандай, қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тест жүйесін құрастыруда осы алғышарттар ескерілуі шарт. Дегенмен бүгінде ҚазТЕСТ жүйесінің құрылымы халықаралық стандарттардан өзгеше, бірақ бұл әлемдік тәжірибеде бар жағдай. Мәселен, ағылшын тілі деңгейін анықтайтын әлемдік деңгейде кең таралған IELTS, TOEFL сияқты тестілеу жүйелері құрылымы қалыптасқан, тілдік деңгейді нақты анықтайды. Ал алғашында ағылшын тілі тесті грамматика, сөздік, оқылым мен тыңдалым тапсырмаларынан құрылған. Бұл туралы Л. Бахман өзінің «Language Testing in Practice» еңбегінде: «...негізінде сол кездің өзінде де ағылшын тілі шет тілі ретінде оқытылатындарға арналған бағалау тестілері өте сұранысқа ие болды. Бұндай тестілер оқылым, сөздік қор, тыңдалым, айтылым және грамматикалық тапсырмаларды құрады» [13, 4-б.] деген пікір білдіреді. Автордың айтуынша бұл тестілер де өз кезеңінде сұранысқа ие «өте жақсы» тапсырмалар жинағы болған. Бүгінгі қазақ тілі бойынша қалыптасқан тестілеу жүйесінің келесі қадамы заманауи халықаралық стандарттарға сай жаңа деңгейге көтерілуді талап етуде.

Қазтест жүйесіне ұқсас Қырғызтест, Томер тесті мен TYS (түрік тілі), ТРКИ (орыс тілі) сияқты басқа елдерде тест жүйесі қалыптасқан. Соның бірі орыс тілін шет тілі ретінде оқыту мен бағалауда ТРКИ тест жүйесі қалыптасқан (1992). Шет елдерден имигранттардың көптеп келуі мен орыс тілі дүниежүзінде кең таралған тілдердің қатарында болғандықтан, шетелдіктерге арналған орыс тілі мемлекеттік тестілеу жүйесі құрылған. Әу бастағы тәжірибеге сүйенсек, кез келген тілдік тест негізінен шетелдіктерге арналған тілді білу деңгейін анықтауға арналған, ал білім беру жүйесінде бағалау құралы бұл екінші аспект ретінде шығып отыр. ТРКИ негізгі мақсаты да алғашқыда шетелдік тіл үйренушілердің сұраныстары негізінде олардың жұмысқа орналасуы мен азаматтық алу талаптарына сай құрылған. ТРКИ құрылымына келер болсақ, CEFR талаптарына сай 5 бөлімді құрайды, лексика мен грамматика; оқылым; жазылым; айтылым; тыңдалым тапсырмалары қамтылған. Дегенмен жалпы ТРКИ құрылымы жоғары деңгейде жасалғанымен, бағалау критерийлерінде кемшіліктер байқалады. Бұл, әсіресе, айтылым бөліміндегі жалпы талаптардың нақты көрсетілмегені себеп болып отыр деген пікір де қалыптасқан. Байқағанымыздай, ТРКИ Қазтест құрамына сәйкес келеді және біздің тестілеу жүйемізде жиі кездесетін мәселелер ТРКИ жүйесінде де бар екенін аңғаруға болады. Қазақ ресми тестке (qazaq resmi test) келер болсақ, негізінен іскери хаттар, көпшілік алдында сөйлеу мен өзара қарым-қатынас жасау кезінде мемлекеттік тілді қолданатын қызметшілерге, коммерциялық мекемелерге, Мемлекеттік басқару академиясына, Президенттік жастар кадр резервіне тіркелуге арналып жасалған тестілеу жүйесінің жалпы құрылымы тыңдалым, орфография, оқылым, жазылым, қазақ тілінің ресми-іскерлік стилінде сөйлеу қағидаттарын қамтиды. Қазақ ресми тестінің отандық тестілеу жүйелерінен бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда:

- тест тапсыру «Talantiz» платформасы арқылы онлайн режимде жүзеге асырылады;
- тестіленушіге ыңғайлы уақытта тапсыру мүмкіндігі қарастырылған;
- төлем онлайн түрде қабылданады;
- платформаға тіркелу тез әрі оңай;
- тесттің құрылымымен және мазмұнымен алдын ала танысып, сынақ тестілеуінен өту мүмкіндігі бар;
- тест қорытындысы бойынша алынған электронды сертификат QR код нұсқасында беріледі;

тестіге дайындық курстары өткізіледі және оның жазбалары Youtube каналында да қолжетімді. Дегенмен бұл тест жүйесінің белгілі бір мақсатты аудиторияға ғана арналғанын ескеру керек. Осыған сәйкес өзіндік ерекшеліктері де қалыптасқан. Сондықтан да бұны қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тестілеу жүйесін қалыптастыруда тек салыстырмалы талдау жасауға қажетті ресурс ретінде ғана қарастырған жөн. Бұл ретте шетелдік тәжірибеде де IELTS, TOEFL сияқты стандартталған ресми тестілеу жүйесінен бөлек ағылшын тілінен тілдік емтиханды онлайн бағалайтын DUOLINGO, PIPPLET сияқты тест түрлері қысқа уақытқа бағытталғандықтан, тест тапсырушының тілді меңгеру деңгейін толық анықтауды мақсат етпейді. Сондықтан осындай шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, қазақ тілінің тестілеу жүйесін қалыптастыру алғышарттарын айқындау маңызды.

Тілдік тест жасауда шетелдік ғалымдардың тәжірибесіне сүйенсек, олар тест құрастырудың ең алдымен теориялық негізіне баса назар аударып, оған тілдік бірліктер жиынтығы деп емес, керісінше арнайы шығармашылықты талап ететін тіл философиясы тұрғысынан қарастырады. Біріншіден, тілдік тест жасауда өткен тақырыптар мен оқыту жүйесі негізінде құрастырылады; екіншіден, тест тапсырушылар өздерінің барлық мүмкіндіктерін пайдалана алатындай және оларды ынталандыратындай етіп құрастыру тиімді; үшіншіден, тест дизайны тест тапсырушы үшін қолайлы әрі түсінікті болуы шарт; төртіншіден, тест тапсырушыға барынша қолайлы жағдай тудыру: тест тапсырмаларын оңтайландыру, күмәнді, дау туғызатын тапсырмаларды қолданбау, мейлінше объективті болу

керек; бесіншіден, тест әзірлеуші де, тест тапсырушы да жауапкершілікпен қарау маңызды; соңғысы, кез келген тест нәтижесі 100 пайыз нақты болуы мүмкін еместігін ескеру керек, яғни қандай нақты жасалған тест болса да ол адамның толық білімінің кепілі бола алады.

Халықаралық тәжірибедегі тілдік тест түрін жасау ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, мысалы оқылым бөлімі бойынша қарапайым мәтіннен күрделіге ауысу, әртүрлі тақырыптарда мәтін таңдау сияқты жалпыға белгілі ерекшеліктерден басқа шетелдік тестілеу жүйелерінде арнайы психометрикалық талдау жүргізіледі. Мысалы, оқылым бөлімі бойынша арнайы бейімделген, яғни редакцияланған мәтін, бейімделмеген, яғни түпнұсқа мәтін және арнайы тест жүйесі үшін жазылған мәтіндер қорын құрайды. Ал нақты мәтін жинақтауда төмендегі қағидаттар сақталады: - жас оқырмандарға арналған мәтіндерден үзінді; - газет, журнал материалдары; - жарнама мәтін; - көркем мәтін; - техникалық мәтін; - нұсқаулықтар; - ресми құжаттар мәтіні; - сипаттама мәтін; - пайымдау мәтіні; - салалық мәтін.

Жинақталған мәтіндер бойынша тест құрастырушылар тест тапсырушыға мәтіннің әсер етуін түрлі қағидалар арқылы саралайды [13].

Тіл үйренуде грамматика, сөздік қор, дұрыс дыбысталу мен дұрыс жазу қағидалары сақталғанда ғана тіл біртұтас тірі ағза бола алады. Тіл үйренушінің тілдік деңгейін анықтау үшін айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдылары толық бағаланады. Сондықтан да бір дағды бойынша ғана тест тапсырушының тілдік деңгейін анықтау мүмкін емес. Қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тестілеу жүйесін қалыптастыруда осы қағидалар басты назарда болуы керек.

Зерттеу барысында әлемдік тест әзірлеу тәжірибесі негізінде тест құрастыруда ескерілуі керек негізгі қағидаларға тоқталар болсақ:

1. Кез келген тест жүйесін жаңадан құрастырса немесе бұрыннан бар тестіні қайта жаңартса да іргелі зерттеу жүргізу керек;

2. Тілдік тест дайындау барысында туындайтын негізгі мәселелер мен сұрақтарға талдау жасап, сарапшы мамандармен бірлесе жұмыс атқару тиімді;

3. Тестіні бағалау қағидаларына қатысты мәселелер мен таңдалған әдістер түбегейлі зерттелуі керек;

4. Белгілі бір мақсатты аудиторияға немесе топқа арналып жасалған тілдік тестілеудің мақсатын айқындап, нақты тест құрастыру алгоритмі, жобалау, дизайн сияқты міндеттерді жоспарлау маңызды;

5. Басқа да тілдік тестілеу жүйесін саралау жұмыстары мен жалпы тест құрастырудың теориялық негізін ескеру маңызды.

Бұл қағидалар негізінде тілдік тест жасауда аталған алғышарттар орындалған жағдайда ғана сапалы тілдік тест жүйесін қалыптастыру мүмкіндігі жоғары:

1. Тест жүйесі туралы теориялық негіздің болуы;

2. Тестің тапсырушы үшін тиімді әрі оңтайлы болуы маңызды. Бұл өз кезегінде сұранысты арттырады. Шетелдік ғалымдардың пікірінше: «Тілдік тест құрастыру алғышарттары ретінде тілші мамандар, ең алдымен, тест нәтижелерін, құндылығы мен пайдасын басты назарда ұстауы керек. Сонда ғана тест қажеттілігі артып, тіл білімі саласы жақсарып, болашақ академиялық білім беруде жетістіктерге қол жеткізуге болады» [14] дейді. Қазақ тілінде де тест жүйесін қалыптастыруда жоғарыдағы ұстанымдарды ескеріп, үнемі тест мақсатын есте сақтағанда өз нәтижесін беретіні сөзсіз.

Бүгінде қазақ тілі тест тапсырмаларын әзірлеуде кездесетін бірқатар мәселелерге тоқталар болсақ, біріншіден, қазақ тілінде тестілеу жүйесінің теориялық мәселелері толық ғылыми негізделмеген, сәйкесінше тапсырмалар әзірлеуде нақты қазақ тілінің тілдік ерекшелігі толық ескерілетін ережелерге сүйене алмау мәселесі. Себебі кез келген тіл бойынша тест тапсырмаларын құрастыру барысында толық басқа тіл моделін алу мүмкін емес, өйткені әр тілді үйрену мен үйрету әдістемесі, тілдің табиғи ерекшеліктері, сөйлеу мен



жалпы құрылымдық айырмашылықтар, әр тілдің мәдени-лингвистикалық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Екіншіден, қазақ тілінің халықаралық тілдерді оқытудағы сияқты нақты әр деңгей бойынша лексикалық, грамматикалық минимум стандарты қалыптаспағандықтан, нақты тест тапсырмаларын дайындауда бірізділік сақталмауы, сәйкесінше бағалау критерийлерінің де белгілі бір стандарттарға сай болмау мәселесі жиі кездеседі; үшіншіден, қазақ тілін білу деңгейін анықтайтын тест жүйелеріне халықаралық сараптама жұмыстары жүргізілмеген. Қазіргі жаһандану заманында тек еліміздегі тәжірибемен қазақ тілін халықаралық стандарттарға сай дамыту мүмкін емес. Нақты тестілеу жүйесіндегі халықаралық сертификаттау ұйымдарының сараптамасынан өткізу, әлемдік тілдік тест жүйесінің ортақ қағидаттары негізінде жүйелеу заман талабы. Мәселен Қырғызтест тәжірибесінде сараптама жұмыстарын жүргізу, халықаралық ұйымдармен тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіледі; келесі мәселе, шетелдік тәжірибедегідей емес. Қазтест тапсырушылар үшін екі кезең қарастырған: бірінші, деңгейін анықтап, тек анықтама алса, екінші кезеңде анықталған деңгей бойынша тест тапсырып, сол деңгей бойынша кем дегенде 60% жинағанда сол деңгей сертификаты беріледі. Ал әлемдің IELTS сияқты тест тәжірибесінде бірден тест тапсырып, сәйкесінше бағаланады. Осындай айырмашылықтар алдағы уақытта қазақ тілі тест жүйесін құрастыруда ескерілуі керек маңызды тұс екенін естен шығармау керек. Себебі қазақ тілін де жаңа деңгейге көтеріп, Қазтест сияқты ұлттық тестілеу жүйесін жетілдіру, басқа да қазақ тілі бойынша балама тестілеу жүйелерін қалыптастыру заман талабы.

Өз кезегінде ALTE ұйымы әлемдік тілдерді сертификаттауда беделді ұйымдардың бірі. ALTE (the Association of Language Testers in Europe – Еуропадағы тілдік тестілер қауымдастығы) мүшелікке IELTS, TOEFL, TRKI сияқты халықаралық тестілеу ұйымдары, TOMER мен Юнус Емре институттары аталмыш қауымдастық стандарттарына сай жұмыс істеп жатыр. ALTE ұйымының 1989 жылы Кембридж университетінде негізі қаланған, бүгінде 26 еуропалық тіл ALTE-нің тестілеу тексерісінен өтіп, Q-Mark сапа белгісін алған. Әлем бойынша көптеген тілдер ALTE-нің Q-Mark белгісін алуға ұмтылады [15]. Әлем елдері ағылшын, неміс, түрік, орыс тілдерін үйрету мен тестілеу жұмыстарын ALTE ұйымы талаптарына сай рәсімдеп, Q-Mark сапа белгісін алуға тырысады. ALTE ұйымы Еуропа мен әлем елдерінің тілдік тестілерін әзірлеуде жетекшілік етіп, оны стандарттау жұмыстарымен, жыл сайын тестілеу жүйесін қалыптастыру жұмыстары бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырумен, тілдік тестілеу жүйесіндегі әлемдік тәжірибемен бөлісу жұмыстарымен айналысады. Ұйымның негізгі мақсатына сай алғашында тек Еуропалық тілдердің тестілеу жүйесін жасау, жалпы құрылымын құруда жетекшілік етіп, тұтас тест жүйесінде туындаған мәселелерді шешуге бағытталса, бүгінде барлық әлем тілдерінде тест жүйесін қалыптастыруда өз жетекшілігін көрсете алады. Бүгінде қазақ тілінің халықаралық стандарттарға сай тест жүйесін қалыптастыруда осы ұйым көмегіне жүгінудің маңызы зор. Бір ескере кететін жайт, ALTE-де тілдік тест жасаудағы барлық мәселелер біртұтас жүйе негізінде тақты алгоритмі қалыптасқан, тест құрастырудың педагогикалық, дидактикалық, психометрикалық, менеджменттік, технологиялық жақтары қамтылған, кез келген уақытта қалыптасқан тест жүйесін сараптамадан өткізіп, ALTE талаптарына сай тест жүйесін қалыптастыру жолдарын да нақты көрсетуде өте оңтайлы шешімдер жасап, біріздендіріп беретін ұйым. Зерттеу нәтижесінде қазақ тілі деңгейін анықтайтын Қазтест немесе қазақ ресми тест сияқты баламалы тестілеу жүйелерін халықаралық сертификациядан өткізу үшін, ең алдымен, жоғарыда аталған ұйымдардың сараптамасынан өтіп, түрлі келіссөздер жүргізіп, уақытша, кейін толық мүшелікке өтіп, қазақ тілінің жоғары талаптарға сай тест жүйесін қалыптастыру арқылы қазақ тілінің әлемдік кеңістікте білім беру жүйесі мен мәдени-тілдік құзіреттілік негізінде дамыту болашақ ұрпақ үшін даңғыл жол болмақ.

### Қорытынды

Қорыта айтар болсақ, тілдік тест жасауда тек төмендегі екі қағида орындалған жағдайда ғана тест нәтижелі болмақ.

1. Тілді қолдану мен тест нәтижесі сәйкес болған жағдайда, яғни тест тапсырушы нәтижесі мен тілді меңгеру деңгейі сай келіп, тіл үйренуші үшін тесттің тиімді болуы;

2. Тест пайдасының нақты, айқын болуы, тест құрылымының барынша қарапайым, түсінікті болуы, тестінің бірегейлігі мен ұтқырлығы, сапасы мен сенімділігі сияқты факторлардың болуы ескерілген жағдайда тест тапсырушылар арасында жоғары сұранысқа ие бола алады. Шетелдік зерттеуші Брунфаут тілдік тест құрастыруда ең бастысы «Неге?» және «Қалай?» деген сұрақтарды үнемі естен шығармау керектігін айтып өтеді. «Осы сұрақтар аясында «Біз нені тексереміз?» және «Қалай тескеруіміз керек?» деген бағытты ұстанып, оның жүйелі, ашық, сын тұрғысынан бағалануына септігін тигізеді. Сонымен қатар, бұл талаптар тілдік тестілеудің сауатты орындалуы мен тест құрастыруда этикалық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді» [16] деген пікір білдіреді. Яғни, зерттеу барысында жоғарыда көрсетілгендей, тілдік тест құрастыруда көптеген шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары ұсынылып, қазақ тілін бағалайтын тест жүйесін қалыптастыруда ескерілуі керек қағидаттар мен әлемдік тәжірибе қарастырылды. Шағын мақала көлемінде орындалған зерттеулер алдағы уақытта қазақ тілі бойынша тест тапсырмаларын құрастыруда әдіскер мамандарға септігін тигізіп, коммуникациялық құзіреттілік негізінде халықаралық стандарттарға сай тестілеу жүйесін қалыптастыру алғышарттары болары сөзсіз. Себебі зерттеуде жалпы тестілеу тарихы мен шетелдік тәжірибе, оны құрастырудағы қиындықтар мен қағидалары негіз болды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тұрарова Қ.Қ. Қазақ тілі бойынша лингводидактикалық тестілеу: теориясы мен әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2012. – 180 б.
2. Күзекова З.С., Пазылова Г.С., Әбдірәсілова Е.Қ. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы. – Алматы: Құс жолы, 2009. – 156 б.
3. Yu G., Green A. Preparing for admissions tests in English // *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*, – 2021. – V.28(1), – P. 1–12. <https://doi.org/10.1080/0969594X.2021.1880120>
4. Сухорукова Н.В. Тестирование в обучении иностранным языкам // *Филологические науки. Вопросы теории и практики*. – 2011. – №4 (11). – С. 149–152.
5. Штульман М.С., Штульман Э.А. Знания студентов по иностранному языку как один из объектов тестирования // *Проблема контроля при обучении иностранным языкам в вузе*. Вып. 1. – Таганрог, 1972.
6. Башмакова Н.И. Типология языковых тестов и методика посттестового анализа (на материале британских и американских тестовых систем): Автореф. ... канд. пед. наук. – СПб., 2003. – 16 с.
7. Otic A.S. *Scale for Rating Tests*. Yonkers. – New York: World Book, 1928.
8. Wood B.D. *New York Experiments with New Type Modern Language Tests*. – New York: Macmillan, 1927. №1.
9. Павловский И.Ю. Актуальные вопросы языкового тестирования. – СПб.: СПбГУ, 2017. – 684 с.
10. Омарова С.К., Қадашева Қ.Қ., Мырзаханова А.К. Қазақ тілін үйретуде мнемоникалық әдістерді қолданудың тиімділігі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 209–220. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18>
11. Creswell J.W. *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches*. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications Inc., 2009. – 270 p. [https://www.ucg.ac.me/skladiste/blog\\_609332/objava\\_105202/fajlovi/Creswell.pdf](https://www.ucg.ac.me/skladiste/blog_609332/objava_105202/fajlovi/Creswell.pdf)
12. Alpizar D. Psychometric approaches to analyzing C-tests // *Language Testing*. – 2023. – V.40(1). – P. 107–132. <https://doi.org/10.1177/02655322211062138>

13. Bachman L. *Language Testing in Practice: Designing and Developing Useful Language Tests*. – Oxford: Oxford University Press, 1996. – 384 p.
14. Clark T., Yu G. Beyond the IELTS Test: Chinese and Japanese Postgraduate UK Experiences // *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*. – 2021. – V.24(10). – P. 1512–1530. <https://doi.org/10.1080/13670050.2020.182953>
15. ALTE: Materials for the Guidance of Test Item Writers. – 2005. – 199 p.
16. Brunfaut T. Future challenges and opportunities in language testing and assessment: Basic questions and principles at the forefront // *Language Testing*. – 2023. – V.40(1). – P. 15–23 <https://doi.org/10.1177/02655322221127896>

#### REFERENCES

1. Turarova Q.Q. Qazaq tili boıynsha lingvodidaktikalıyq testileu: teoriasy men adistemesi [Linguodidactic testing in the Kazakh language: theory and methodology]. – Astana: Foliant, 2012. – 180 b. [in Kazakh]
2. Kuzekova Z.S., Pazylova G.S., Abdirasilova E.Q. Qazaq tili. Testileu teoriasy men praktikasy [Kazakh language. Theory and practice of testing]. – Almaty: Qus joly, 2009. – 156 b. [in Kazakh]
3. Yu G., Green A. Preparing for admissions tests in English // *Assessment in Education: Principles, Policy & Practice*, – 2021. – V.28(1), – P. 1–12. <https://doi.org/10.1080/0969594X.2021.1880120>
4. Suhorukova N.V. Testirovanie v obuchenii inostrannym iazykam [Testing in teaching foreign languages] // *Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki*. – 2011. – №4 (11). – S. 149–152. [in Russian]
5. Shtulman M.S., Shtulman E.A. Znania studentov po inostrannomu iazyku kak odin iz ob'ektov testirovaniya [Students' knowledge of a foreign language as one of the objects of testing] // *Problema kontrolya pri obuchenii inostrannym iazykam v vuze. Vyp. 1*. – Taganrog, 1972. [in Russian]
6. Bashmakova N.I. Tipologia iazykovykh testov i metodika posttestovogo analiza (na materiale britanskikh i amerikanskikh testovykh sistem): Avtoref. ... kand. ped. nauk. [Typology of language tests and methods of post-test analysis (based on the material of British and American test systems): abstr.]. – SPb., 2003. – 16 s. [in Russian]
7. Otic A.S. *Scale for Rating Tests*. Yonkers. – New York: World Book, 1928.
8. Wood B.D. *New York Experiments with New Type Modern Language Tests*. – New York: Macmillan, 1927. №1.
9. Pavlovskiy I.Iu. Aktualnye voprosy iazykovogo testirovaniya [Topical issues of language testing]. – SPb.: SPbGU, 2017. – 684 s. [in Russian]
10. Omarova S.Q., Qadasheva Q.Q., Myrzahanova A.Q. Qazaq tilin uiretude mnemonikalıyq adisterdi qoldanudyn tiimdiligi [Effectiveness of the use of mnemonic methods in teaching the Kazakh language] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 209–220. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.18> [in Kazakh]
11. Creswell J.W. *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches*. Thousand Oaks, CA: SAGE Publications Inc., 2009. – 270 p. [https://www.ucg.ac.me/skladiste/blog\\_609332/objava\\_105202/fajlovi/Creswell.pdf](https://www.ucg.ac.me/skladiste/blog_609332/objava_105202/fajlovi/Creswell.pdf)
12. Alpizar D. Psychometric approaches to analyzing C-tests // *Language Testing*. – 2023. – V.40(1). – P. 107–132. <https://doi.org/10.1177/02655322211062138>
13. Bachman L. *Language Testing in Practice: Designing and Developing Useful Language Tests*. – Oxford: Oxford University Press, 1996. – 384 p.
14. Clark T., Yu G. Beyond the IELTS Test: Chinese and Japanese Postgraduate UK Experiences // *International Journal of Bilingual Education and Bilingualism*. – 2021. – V.24(10). – P. 1512–1530. <https://doi.org/10.1080/13670050.2020.182953>
15. ALTE: Materials for the Guidance of Test Item Writers. – 2005. – 199 p.
16. Brunfaut T. Future challenges and opportunities in language testing and assessment: Basic questions and principles at the forefront // *Language Testing*. – 2023. – V.40(1). – P. 15–23 <https://doi.org/10.1177/02655322221127896>